



**«Қазақстан Ұлттық Банкінің
Цифрлық даму орталығы» АҚ
Басқармасының
2020 жылғы 16 маусымдағы
шешімімен БЕКІТІЛДІ
(Хаттама №10)**

Сатып алулар порталына қолжетімділікті ұсыну бойынша қызмет көрсету

ОФЕРТА-ШАРТЫ

Алматы қ

«Қазақстан Ұлттық Банкінің «Цифрлық даму орталығы» Акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталады, 2024 жылғы 22 қаңтардағы №166 Сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын Сатып алу порталы бөлімінің басшысы Н.М. Шардарбеков атынан, бір тарапынан және екінші тараптан заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), кәсіпкерлік қызметін жүргізетін жеке тұлға, тапсырыс берушінің осындай жеке тұлғаға меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді иеленген (жалға алған) жағдайда жеке тұлға, осы оферта-шартының (бұдан әрі – Оферта-шарты) талаптарын (шартсыз акцепт) қабылдаған тапсырыс берушімен сатып алу туралы шартын жасауға талаптанатын, бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталады, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иелену қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1.Жалпы жағдайлар

1.1. Осы ұсыныс Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 395 бабына сәйкес жария Оферта болып табылады және шектеусіз адамдарға бағытталған.

1.2. Оферта Акцепті сатып алулар порталына қолжетімділікті ұсыну және Орындаушының сатып алулар порталына қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтерінің тиісті тарифтерінің төлемі болып табылады.

1.3. Оферта-шартының 1.2. тармағында көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылған Оферта Акцепті, бұл төмендегі бөлімдерде келтірілген барлық талаптармен акцептердың

келісімін білдіреді және белгілі бір Оферталық жағдайларда Пайдаланушы мен Орындаушының арасында Оферта –шарттын бекітуді талап етеді.

2. Оферта-Шартының мәні

2.1. Оферта-шарты бойынша Орындаушы Пайдаланушыға сатып алушылар порталына қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Пайдаланушы Оферта-Шартының талаптарына сәйкес Қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2.2. «WWW.ZAKUP.NATIONALBANK.KZ» сатып алулар порталы (бұдан әрі – Портал) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғаларының электрондық сатып алуларға бір нүктеден қолжетімділікті ұсынушы ақпараттық жүйе болып түсіндіріледі.

3. Қызметтер құны және төлем талаптары

3.1. Оферта-шарты бойынша көрсетілген Қызметтерге Пайдаланушы Порталда орналастырылған тарифке сәйкес құнды төлейді.

3.2. Орындаушы Тарифтерді бір жақты тәртіпте, Порталға тиісті ақпараттарды орналастыру арқылы өзгертуі мүмкін. Осыған байланысты Қатысушының Қызметтер үшін төлеген төлемі бағалық түзетулерге және өзгертуге жатқызылмайды.

3.3. Оферта-шарты бойынша төлемдер аванстық тәртіпте төленеді. Пайдаланушы Орындаушыға Оферта-шартының 3.1. тармағында анықталған мөлшердегі Қызмет құнын төлейді. Төлем жүргізілгеннен кейін Пайдаланушыға Қызмет Оферта-шартының 4.1. тармағына сәйкес көрсетіледі.

Қызметке қолжетімділік рұқсатын алғаннан кейін, Пайдаланушының актіге қол қоюға уәкілетті тұлғасы 5 (бес) жұмыс күнінен кеш емес көрсетілген қызметтердің актісіне қол қоюға міндетті. Пайдаланушы актіге белгіленген мерзімде қол қоймаса, бұл Пайдаланушының төленген тарифін қайтаруын талап етуіне негіз болмайды. Төленген тарифке қосылғаннан кейін Қызмет толық көлемде көрсетілді деп саналады.

3.4. Пайдаланушы мен Орындаушының арасындағы барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүзеге асырылады.

4. Порталға қолжетімділікті ұсыну талаптары

4.1. Орындаушы Қызметтерді Қағидаларға сәйкес электрондық сатып алуларға қатысуды қамтамасыз ететін, Порталдың келесі функциялары бойынша (қоса алғанда, бірақ шек қоймай) қолжетімділікті ұсыну арқылы көрсетеді.

- 1) тендерлік өтінім беру/толықтыру/қайтарып алу (тендерге қатысу туралы келісім) ;
- 2) тендерлік баға ұсынысын беру, баға туралы ұсыныс (бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендер тәсілімен сатып алуға қатысқан жағдайда);
- 3) баға ұсыныстарын беру/толықтыру/қайтып алу және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуларға қатысу ілеспелі құжаттарын;
- 4) тікелей шарт жасау тәсілімен сатып алуға қатысу үшін келісім (құжаттар) беруге;
- 5) сатып алулар туралы шартқа қол қою;

4.2. Орындаушы Пайдаланушыға Қызметті Қызмет құнын төлегеннен және қолжетімділікті активациялағаннан кейін көрсетеді.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Пайдаланушы құқылы:

- 1) Порталға тіркелуге және Порталды пайдалануға;
- 2) Орындаушыдан Контакт-орталығына жүгіну арқылы немесе Порталда көрсетілген мекенжай мен контактқа электрондық хабарламаны жөнелту арқылы хабарласып Порталдың жұмысына қатысты кеңес сұрауға және алуға;
- 3) көбею жағына қарай (қажет болған жағдайда) тарифті өзгертуге;
- 4) Порталдың жұмысы кезінде туындаған техникалық тоқтап қалуларды жоюға.

5.2. Пайдаланушы міндетті:

- 1) Оферта-шартын бекіткенге дейін оның мазмұмыны және талаптарымен танысуға;
- 2) Орындаушыға ұсынылған Порталдағы тіркеу нысанының тармақтары бойынша дұрыс және толық ақпараттарды, сондай-ақ (Орындаушының сұранысы бойынша) қажет болған жағдайда осы ақпараттардың дұрыстығын растайтын құжаттарды беруге;
- 3) Егерде Порталда техникалық мәселелер туындаған жағдайда бұл жөнінде тез арада Орындаушыға Контакт-орталығына жүгіну арқылы немесе Порталда көрсетілген мекенжай және контактқа электрондық хабарлама жөнелту арқылы хабарлауға;
- 4) Порталда сатып алуға қатысуды Қағидаға сәйкес жүзеге асыруға;
- 5) Порталда белгілі бір әрекеттер үшін уәкілетті тұлғалардың іс-әрекеттерін жүзеге асыруға;
- 6) Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына жол бермеу, соның ішінде Порталда адамның қадір-қасиетін қорлайтын, зорлық-зомбылықты немесе экстремизмді насихаттайтын, нәсілдік, ұлттық немесе діни араздықты қоздыратын, бұзақылық немесе жалған мақсаттар жасайтын ақпаратты немесе басқа материалдарды орналастырмауға немесе таратпауға;
- 7) Порталға қатысты авторлық құқықпен немесе басқада құқықтармен қорғалған материалдарды (жариялау, тарату, көбейту және т.б.) қандай да бір жолмен таратпауға;
- 8) Қызметтерді Оферта-шартының талаптарына сәйкес төлеуге;
- 9) Порталды оның тағайындалуы бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалануға;
- 10) бағдарламаны парақшаны автоматты түрде өңдеу үшін пайдаланбауға;
- 11) Портал ресурстарына санкцияланбаған қол жеткізу фактілеріне жол бермеуге, желілік шабуылдар мен желілерді бұзуға, соның ішінде:
 - Портал элементтерінің қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуына;
 - Порталға санкцияланбаған қол жеткізуді, оның ішінде артықшылықты қолжетімділікті алуға, сондай-ақ мұндай қолжеткізуді одан әрі пайдалануға (бағдарламалық қамтамасыз етуді немесе деректерді жою немесе өзгерту).

5.3. Орындаушы құқылы:

- 1) Пайдаланушыдан Қағидаларда анықталған тәртіпте қажетті ақпараттарды сұратуға және алуға;
- 2) Пайдаланушы Порталда ұсынатын есептік деректердің, материалдар мен ақпараттың дұрыстығын тексереді және егер сенімсіздік анықталса, Қатысушының Порталға кіруіне тыйым салады;
- 3) Порталды өшіру арқылы жоспарлы профилактикалық және / немесе техникалық жұмыстарды жүргізу. Профилактикалық және / немесе техникалық жұмыстарды жүргізу мерзімі демалыс және мереке күндерінің басымдылығын ескере отырып белгіленеді және жоспарланған алдын-алу және / немесе техникалық жұмыстар үшін күнтізбелік 3 (үш) күннен аспауы керек;

4) Порталды өшіру арқылы жоспардан тыс профилактикалық және / немесе техникалық жұмыстарды жүргізу. Жоспарланған және / немесе жоспардан тыс алдын-алу және / немесе техникалық жұмыстарға байланысты Порталдың қолжетімсіздігі Оферта-шартының талаптарын тиісінше орындамау болып табылмайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті өкілеттіктері бар уәкілетті органдардан шешімдер алынған жағдайда Қызмет көрсетуді тоқтата тұруға;

6) егер оның іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, сондай-ақ, Қатысушы Оферта-шартының талаптарын бұзған жағдайда Қатысушының Порталға кіруіне тыйым салуға;

7) Порталға осындай өзгертулер мен толықтыруларды орналастыру арқылы, бір жақты тәртіпте Оферта-шартын өзгертуге және толықтыруға, Қызметтерге тарифтерге және Порталды реттейтін және нұсқаулық беретін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге.

5.4. Орындаушы міндетті:

1) Оферта шарты бойынша қабылданған міндеттемелердің толық және тиісті түрде орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Орындаушының Контакт-орталығының жұмыс кестесіне сәйкес телефон желісі және электрондық пошта арқылы Порталға кіру жөнінде консультациялар беру;

3) Порталда туындайтын техникалық істен шығуларды жою;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Порталды қолдану қағидаларында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қатысушы тіркелген кезде одан алынған ақпараттың құпиялығын сақтау;

5) Порталдың жұмысына байланысты ресми хабарламаларды жариялау, оның ішінде жоспардан тыс профилактикалық және/немесе техникалық жұмыстар, Порталда жаңа тарифтер мен өзге материалдар енгізу және/немесе тарифтерді өзгерту бойынша не болмаса тіркелген кезде көрсетілген Қатысушының электрондық мекен-жайына хабарлама жіберу арқылы Қатысушыны хабардар ету;

6. Жауапкершілік

6.1. Оферта-шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оларды тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

6.2. Байланыс арналарының сапасы, интернет-браузерлердің күйге келтірілуі үшін және Орындаушыға тәуелсіз себептерден орын алатын жұмыстағы істен шығулар үшін Орындаушы Пайдаланушы алдында жауапкершілік көтермейді.

6.3. Порталға кіру нәтижесінде немесе қателер, өткізіп алулар, жұмыстағы үзілістер, Пайдаланушының файлдарды жоюы нәтижесінде не болмаса файлдарда бағдарламалық вирустардың, ақаулардың айқындалуы, жұмыста, деректерді беруде кідірудің немесе функциялардың өзгеруі себебінен Пайдаланушыға келтірілген зиян үшін Орындаушы жауапкершілік көтермейді.

6.4. Қызмет көрсету нәтижесінде Пайдаланушыға келтірілген залалдары (алынбай қалған пайда, алынбаған кірістер, жасалмаған шарттар) үшін Орындаушы жауапкершілік көтермейді.

7. Шарт-офертаның қолданылу мерзімі

7.1. Қызмет құны Порталда орналастырылған тарифтерге сәйкес төленген сәттен бастап Оферта-шарты өз күшіне еніп, ағымдағы қаржылық жылдың 31-желтоқсанына дейін қызмет етеді.

8. Хабарлама

8.1. Оферта-шартына сәйкес егер бір Тараптың екінші Тарапқа жіберетін кез-келген хабарламасы Порталдың немесе Қатысушының жеке кабинетіне электрондық хабарлама жолдау арқылы жеткізілген болса, ол тиісті түрде алынды деп есептеледі.

8.2. Хабарлама жеткізілген күні немесе хабарламада көрсетілген белгіленген күшіне ену күні, қай күннің кейінірек болатынына қарай, өз күшіне енеді.

8.3. Қайсыбір Тараптың заңды (нақты) мекенжайы, сондай-ақ банктік және өзге деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап осындай өзгерістер болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Пайдаланушының Порталдағы ұйым профиліне тиісті өзгерістер енгізуі тиіс.

8.4. Пайдаланушының Порталдағы ұйым профиліне Пайдаланушы өзгерістер енгізгенге дейін Тараптар ескі мекен-жайлар мен банктік деректемелері бойынша міндеттемелерді лайықты әрі тиісті түрде орындады деп есептеледі.

9. Еңсерілмес күштер жағдайы (төтенше-жағдай)

9.1. Тараптардың Оферта-шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, өрт, техногендік катастрофалар, басқада табиғат апаттар, әскери іс-әрекеттер, террористік актілер, блокада, ереуілдер, сондай-ақ Оферта-шартының талаптарын орындауға тікелей әсер еткен мемлекеттік органдардың шектеу шараларынан жауапкершіліктен босатылады.

9.1. Тойтарыс бермейтін күш жағдайлары туындаған кезде міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап осындай жағдайлар орын алған сәттен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Порталдың жеке кабинетіне электрондық хабарлама жіберу арқылы төтенше-жағдайдың болжанатын әрекет ету мерзімі және оның себептері туралы екінші Тарапқа хабарлап, осындай жағдайлардың орын алу айғағын растайтын, құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуға тиіс, бұл кезде жалпыға мәлім деректері растауды қажет етпейді.

10. Дауларды шешу тәртібі

10.1. Оферта-шарты бойынша Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

10.2. Осындай келіссөздер басталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Тараптар Оферта-шарты бойынша дауды шеше алмаса, кез-келген Тарап бұл мәселенің Орындаушы орналасқан орны бойынша сот тәртібінде шешілуін талап етуі мүмкін.

10.3. Оферта-шарты бойынша реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттестіріледі.

11. Конфиденциалдылық

11.1. Орындаушы Пайдаланушының дербес деректерін пайдаланып, өңдейтінімен Пайдаланушы келіседі.

11.2 Орындаушы Пайдаланушыдан алынған ақпаратты жарияламауға міндеттенеді. Пайдаланушы алдындағы міндеттемелерін орындау үшін Орындаушымен

Оферта-шарты негізінде әрекет ететін үшінші тұлғаларға ақпарат беру бұзу болып есептелмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте ақпаратты жариялау міндеттемелердің бұзылуы болып есептелмейді.

11.3. Орындаушыға берілетін дербес деректердің және Порталға кіруді ұсыну аясындағы өзге ақпараттың шынайылығы үшін Пайдаланушы жауапкершілік көтереді.

11.4. Порталды пайдалану барысында Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ұстанады.

Үшінші тұлғалардың Пайдаланушының жеке кабинетінің құпия сөзін заңсыз түрде алғаны мен оған заңсыз түрде кіргені үшін Пайдаланушы жауапкершілік көтереді және ол үшінші тұлғалардың Пайдаланушының жеке кабинетіне кіру деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Пайдаланушының жеке кабинетін қолданудың барлық әрекеті мен салдары, оның ішінде заңсыз кіру жағдайлары, сондай-ақ Пайдаланушының жеке кабинетіне кіру үшін үшінші тұлғаларға Пайдаланушының деректерін ерікті түрде бергені үшін Пайдаланушы жауапкершілік көтереді. Бұл ретте Пайдаланушының жеке кабинеті аясында немесе оны қолдана отырып жасалынатын барлық әрекетті Пайдаланушының өзі жасады деп есептеледі.

11.5. Оферта-шарты бойынша берілетін және/немесе Тараптар қолданатын барлық құжаттама және ақпарат құпиялы болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Тараптар екінші Тараптың алдын-ала жазбаша келісімінсіз осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқықтары жоқ.

11.6. Осы бөлім Оферта-шартының мәніне жататын мәселелердің тәжірибелі шешімін табу мүддесінде осы мәселелерді сотта қарастыру жағдайларына немесе мұндай жариялау Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұйғарылатын не болмаса оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүргізілетін жағдайларға таралмайды.

12.Басқада талаптар

12.1. Оферта-шарты заңдық күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды және Порталдың электрондық нысанына орналастырылды.

12.2. Шарттың барлық қосымшалары, өзгерістері және толықтырулары Оферта-Шартының ажырамас бөліктері болып табылады.

12.3. Тіркелген кезде қолданыстағы электрондық поштаның адресін көрсету керек, осы адреске тіркелгені туралы деректері (кіру үшін логин және құпиясөз) және ол өзгерген жағдайда, жаңа құпиясөз қосарлана жіберіледі. Олай болмаған жағдайда, жоғалған құпиясөзді қалпына келтіру мүмкін болмайды.

13. Орындаушының заңды мекенжайы және банктік реквизиттері

«Қазақстан Ұлттық Банкінің
«Цифрлық даму орталығы» АҚ
A05B0Y8, Қазақстан, Алматы қ,
Айтеке би к., 67
БСН 960 440 000 538
ЖСК KZ81 8562 2031 0820 7255
«БанкЦентрКредит» АҚ-дағы
БСК KСJBKZKX, BeK 16